

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 12 шілдедегі № 24-VIII ҚРЗ.

3ҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз

ҚР Конституциялық Сотының 11.07.2023 № 20 нормативтік қаулысымен осы Заң Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес келеді деп танылды.

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 214-баптың 3-1-бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-3-бабының 5-тармағында көзделген мәліметтер мен құжаттарды ұсынбау, уақтылы ұсынбау, сондай-ақ анық емес мәліметтер мен құжаттарды ұсыну –";

2) 244-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде көзделген, ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау мерзімдеріне және (немесе) шарттарына әсер ететін міндеттемелердің және (немесе) мән-жайлардың туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды беру мерзімін бұзыу –";

3) 251-бапта:

екінші абзацтағы ", бірақ екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде" деген сөздер алып тасталсын;

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы бапта көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық репатриациялау мерзімі өткеннен кейін есепке жатқызылмаған ұлттық валютаның және (немесе) шетел валютасының сомасы шекті мәні асып кеткенде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бірлескен нормативтік

құқықтық актісіне сәйкес репатриациялау талабының орындалуын бақылауға жататын шекті мәннен асатын және егер бұл әрекетте (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмайтын жағдайларда, басталады.;"

4) 720-баптың бірінші бөлігі "239 (бірінші және екінші бөліктегіндегі)," деген сөздерден кейін "244 (бірінші, екінші (экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарға қатысты), үшінші және төртінші бөліктегіндегі)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 724-баптың бірінші бөлігі "244" деген цифrlардан кейін "(бірінші, екінші (экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды қоспағанда), бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші бөліктегіндегі)," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 804-бапта:

бірінші бөліктің 31) тармақшасы "246 (бесінші және алтыншы бөліктегі)," деген сөздерден кейін "251," деген цифrlармен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "251," деген цифrlар алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң, алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1) тармақшасын қоспағанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

К. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК